

# ***Бизнес жоспар.***

***Тақырыбы: Шаруа қожалығының  
қызметін дамыту.***

Дайындаған: Габдоллина Айдана  
МД-09-10 тобы

# МАЗМҰНЫ

1. Жалпы мәліметтер .....
2. Өндіріс факторлары жөніндегі мәліметтер .....
3. Инвестициялар .....
4. Өнім сипаттамасы .....
5. Маркетингтік жоспар .....
6. Өндірістік жоспар .....
7. Қаржылық жоспар .....

# Жалпы мәліметтер

Жасалып отырған жоба бойынша қажетті 225 млн теңге көлеміндегі несие шаруа қожалығының қызметін дамыту үшін асыл тұқымды мал, соның ішінде қазақтың ақбас сиырын сатып алуға, көкөніс өсіру үшін жылыжай салуға және ет комбинатын іске қосуға жұмсалмақ. Себебі мемлекеттің етті ірі қара шаруашылығын дамытуға басты көңіл бөлініп отырғандығы және жыл сайын көкөніс өнімдеріне деген бағаның арта түсуі бұл іс – шараларды іске асырудың маңызды екендігін көрсетеді.

Шаруа қожалығының аты – «АИСА»

Шаруа қожалығының құрылған жылы – 2013 ж.

Салық төлеушінің тіркелген номері – 270120027164

Шаруа қожалығының мекен – жайы – Орталық Қазақстан обл. Қарағанды қ.Шет ауданы

Шаруа қожалығының құрылтайшылары:

1. Габдоллина Айдана: мамандығы мал дәрігері, жұмыс өтілі 40 жыл. Үлесі – 100 %.

Шаруа қожалығы қызметінің негізгі бағыты – мал өсіру, мал өнімдерін өндіру және сату.

Шаруа қожалыққа – Рақымғалиев Өтепберген жетекшілік етеді.

## Өндіріс факторлары жөніндегі мәліметтер

## Жер ресурстары жөніндегі мәліметтер

Шаруа қожалығының бүгінгі таңда Шет ауданы округіне қарасты 600 га жері бар. Жер учаскесінің уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығы – 49 жыл мерзімге.

Жоба негізінен Шет ауданы аумағында іске асырылу қарастырылып отырғандықтан, алдағы уақытта сол аудан аумағынан мал шаруашлығын дамыту, жылыжай кешенін салу және ет өңдеу кешенін тұрғызу үшін ауыл шаруашылық мақсатындағы жер алынатын болады.

# Шаруа қожалығы пайдалануындағы жер құрылымы

Жер түрлері	2013	2014	2015
Барлық жер, га	600	600	600
Оның ішінде а/ш жері	600	600	600
с.і жайылым	600	600	600
шабындық	-	-	-

# Өндірістік қуаттар жөніндегі мәліметтер

	саны	Шығарылған жылы
Құрылыстар: мал базасы	1	2002
Техникалар: МТЗ – 80 тракторы	1	1986
Трактор тіркемесі	2	1991
Шөп шапқыш ҚДП – 6	1	1990

# Мал басы саны жөніндегі мәліметтер

№	Мал топтары және түрлері	2009 ж	2010 ж	2011 ж
1	Ірі қара - барлығы	61	64	86
2	С.і. аталығы	2	3	4
3	сиырлар	25	26	36
4	1 жастан 2 жасқа дейінгі құнажын	13	14	16
5	2 жастан жоғары	8	7	10
6	тайыншалар	13	14	20
7	Қой - барлығы	80	90	100
8	С.і. аналығы - саулықтар	60	65	78
9	Жылқы - барлығы	22	23	23

## Еңбек ресурстары жөніндегі мәлімет

Шаруа қожалығында негізінен отбасы мүшелері жұмыс жасайды. Жазғы маусымдық жұмыстарға жасөспірімдер, яғни 15-18 жас аралығындағы отбасы мүшелері мен тума-туыстар көмекке келеді. Жұмысшылардың орташа еңбек ақысы 27000 – 32000 теңге аралығында.

### Еңбек ресурстарының саны

№	Жұмысшылар санаттары	2011	2012	2013	2014	2015
1	Шаруа қожалығында тұрақты жұмыс істейтіндер - барлығы	3	6	52	56	58
2	Оның ішінде әйелдер	1	2	16	18	18
3	Уақытша жұмысшылар	1	3	7	7	7
4	Жалдамалы қызметкерлер	-	2	8	10	12



Осы кезге дейін шаруа қожалығы тек мал шаруашылығымен ғана айналысып келгендіктен, онда жұмыс істейтін жұмысшылар саны өндіріс көлеміне сәйкес 3 – 4 адамнан аспайды. 2013 жылы бұл жоба толығымен іске асқан жағдайда мал шаруашылығын дамыту бойынша жаңадан 10 жұмыс орны, жылыжай бойынша 6 жұмыс орны, ет және ет өнімдерін өңдеу кешенін іске қосу бойынша 30 жұмыс орны ашылмақ. Ал одан кейінгі жылдары өндірістің көлемінің артуына байланысты қосымша жұмыс орындары ашылады. Жұмысшылардың барлығы дерлік жергілікті тұрғындар болып табылады. Жылыжайды және ет өңдеу комбинатын қажетті мамандармен қамтамасыз ету бағытында шаруа қожалығы жоғары немесе орта арнаулы білімі бар ауыл жастарын қайта дайындықтан өткізіп, жұмысқа қабылдауды көздейді.

# Инвестициялар

Шаруа қожалығы тек мал шаруашылығымен ғана айналысып қоймай, сонымен бірге ет өңдеу комбинаты мен жылыжай жұмысын жолға қоюды көздеп отырғандықтан, өндірістік жоспар негізінен мал өнімдерін, соның ішінде ет өнімдерін, бау – бақша өнімдерін өндіру және сатуға жасалады. Өндірістік жоспарда өнім өндіру мен өнімділікті арттыру, оның сапасын жақсарту және сондай-ақ мал басының өсуі көзделеді.

Қол жеткізілетін несиені жұмсау тәртібі келесі кестеде берілген

№	Атауы	Саны	Құны, теңге
<b>Мал шаруашылығы бойынша</b>			
1.	Ет бағытындағы әуликөл тұқымының 1 - 1,5 жастағы қашарларын сатып алу, бас	100	20000000
2	Ет бағытындағы әуликөл тұқымының 1,5 жастағы бұқаларын сатып алу, бас	20	5000000
3	Ет бағытындағы қазақтың ақбас тұқымының 1 - 1,5 жастағы қашарлар сатып алу, бас	200	26000000
4.	Ет бағытындағы қазақтың ақбас 1 – 1,5 жастағы тай өгіздер сатып алу, бас	260	36400000
5	Көшім тұқымының байталын сатып алу, бас	50	12500000
6	Көшім тұқымының айғырын сатып алу, бас	2	600000
5.	700 басқа мал бордақылау кешенін салу	1	6000000
6.	Тұрғын үй және қора – жайлар салу	2	4200000

## Жылыжай салу бойынша

5.	Жылыжай кешенін салу	4	8400000
6.	Жылыту қазандығын орнату	1	600000
7.	Су айдау мұнарасын салу	1	500000
8.	Қажетті тұқымдар мен тыңайтқыштар сатып алу	-	1300000
	Барлығы		10800000

12.	Вакуумды шұжық инесі		4000000
13.	Клипсатор		5100000
14.	Қақтаушы камера	2	6500000
15.	Пісіру қазандығы		9400000
16.	Тігу – ұштау машинасы		1600000
17.	Компрессор		2500000
18.	Мал сою цехын жабдықтау		6200000
19.	Сиымдылығы 500 т дейін мұздатқыш қойма салу	1	32000000
20.	Ғимараттар салу	2	17000000
21.	Мал ұстау қораларын салу	1	800000
22.	Ет өңдеу кешенінің құрал – жабдықтарын тасымалдау, монтаждау және іске қосу шығындары		7000000
	Барлығы		103500000



**қазақтың ақбас сиыры** ТМД-да алғаш болып шығарылған арнаулы етті бағыттағы ірі қара тұқымы. Жергілікті қазақ және қалмақ сиырын герефорд тұқымымен шағылыстыру жолымен сұраптап алынған. Арнаулы етті бағыттағы ірі қара тұқымы жергілікті жердің табиғи ерекшеліктері мен азыққа әбден бейімделген. Денесі созылыңқы да кең. Терісі қалың, май жинауға бейім. Жазда ыстыққа, қыста аязға өте төзімді. Мүйізсіз мұқыл ақбас сиырлар, бұқалардың тірілей салмағы 1400 кг жетсе, сақа сиырлар 1100 кг, 15 – 18 айлық тана – торпақтар 250 – 300 кг тартады. Жаңа туылған бұзауларының салмағы 27 – 30 кг. 8 ай енесін еміп өскенде 220 – 240 кг жетеді. Күндік салмақ қосуы 1,5 – 1,8 кг. Табиғи жағдайда өте тез жетіліп сүбе талшықтарының арасына май жинайды. Еті өте дәмді, сойыс шығымы 55 – 60 %-ке дейін жетеді.

Мал шаруашылығы бойынша негізінен ірі қара етін, қой етін, жылқы етін өндіру, жылыжай бойынша қызанақ, қияр, бұрыш, басқа да бақша өнімдерін өндіру, ет өнімдерін өңдеу кешені бойынша әр түрлі шұжық өнімдерін және тартылған ет өндіру мақсаты қойылып отыр.

Жоғарыда аталған өнім түрлерін өндіруге шаруашылық алдағы уақытта алатын несие арқылы қол жеткізеді. Атап айтқанда, 110700 мың теңгеге 2 жыл көлемінде асыл тұқымды етті бағыттағы әулиекөл тұқымының 100 бас қашарлары мен 20 бас бұқасын, қазақтың ақбас сиырының 200 бас қашарлары мен бордақылау үшін 260 бас тай өгіздерін, көшім жылқысының 50 басын сатып алып көбейту, 103500 мың теңгеге ет өңдеу кешенін тұрғызу, 10800 мың теңгеге жылыжай салуға жұмсау жоспарланып отыр.

Сатып алынатын асыл тұқымды малдарға сипаттама берсек.

## Өнім сипаттамасы

«Қиланбек» шаруа қожалығының ет өңдеу кешіні 20 атаулы шұжық өнімдерін және 10 атаулы деликатестер кірістіретін кең ассортиментті өнімдер өндірумен айналысатын болады. Олардың кейбіреулеріне тоқталып, дайындалу технологиясын атап көрсетуге болады. Фирмалық пісірілген – қақталған сервелат таңдап алынған жоғары сортты сиыр етіне және шошқа шпигінен дайындалады.

Московская шұжығы – жоғары сортты пісірілген – қақталған.

Полтавская шұжығы - жоғары сортты пісірілген – қақталған.

Жоғары сортты жартылай қақталған шұжықтар – краковская шұжығы, армавир шұжығы, польская шұжығы. Жоғары сортты жоғары сападағы қайталанбас классикалық дәмді бұл шұжықтар сиыр етінен, шошқа етінен, шпиктен дайындалып, аздаған көлемде толыққұндылықты белок қосылады.

Жоғары сортты пісірілген шұжықтар.

Докторская шұжығы – жоғары сортты таңдап алынған салқындатылған сиыр етінен, майсыз және жартылай майлы шошқа етінен дайындалып, сүт, мускат жаңғағы және дәмдеуіштер қосылады.

Любительская шұжығы – шпик қосылған шұжық эксклюзивті технология бойынша сиыр етінен және шошқа етінен дайындалады, таңдап қосылған дәмдеуіштер бұл шұжықтың шынайылығын көрсетеді.

Псірілген ветчина – бұл ветчинаны дайындау үшін майсыз шошқа етіннің таңдаулы кесектері пайдаланылады. Дайындаудың арнайы технологиясы өнімнің дәмді, жеңіл, жұмсақ болуына мүмкіндік береді.

Сардельки – жоғары сапалы сиыр еті мен шошқа етіне сүт және жаңа тауық жұмыртқасын қосу арқылы дайындалады.

Шаруашылық жылқы өсірумен айналысатындықтан алдағы уақыттарда ұлттық тағамдар қазы – қарта өндіруменде айналысады.

Жоба толығымен сәтті жүзеге асырылған жағдайда шаруа қожалығының қымыз өндірісін де

# Маркетингтік жоспар

Бәсекелестерге қарағанда жобаны орындаушының негізгі артықшылығы нарықтық конъюнктураның өзгерісін тез қабылдауға мүмкіндік беретін байланыстылығы.

Негізгі шикізат көзі болып табылатын ет өнімдері шаруашылықтың өзінде өсірілетін асыл тұқымды малдардың еттерінен дайындалатындықтан ерекше хош иісті және табиғи дәмді болып келеді.

Дайын өнімді өткізудің негізгі нарығы болып Батыс Қазақстан облысының кәсіпорындары, ұйымдары және тұрғындары, сондай-ақ көршілес Атырау облысы болып табылады. Сату кәсіпорындармен және ұйымдармен тұрақты келісім шарттар негізінде көтерме ретінде жоспарланған.

Өндіріс көлемін арттыру шарасына қарай Орал қаласында және Батыс Қазақстан облысының өзге де тұрғындар пунктінде «Ұялы шұжықтары» сауда маркасымен сауда нүктелері мен дүкендерін жоспарланған.

Жалпы алғанда облыс көлемінде шұжық өнімдеріне сұраныс тұрақты, сондай-ақ халал талаптарына сай өндірілген шұжық өнімдеріне сұраныс артып келеді. Халал талаптарына сай келетін өнім шығару арқылы тұрғындардың бір бөлігінің сұранысын толығымен қамтамасыз ету мүмкіндігі бар.

«АИДА» шаруа қожалығының негізгі бәсекелестеріне тоқталсақ. Қазіргі уақытта Батыс Қазақстан облысында шұжық өнімдерін өндірумен айналысатын 10 аса кәсіпорындар мен жеке кәсіпкерлер қызмет істейді. Олардың ішіндегі неғұрлым ірілері болып «Жаик-Ет» ЖШС және «Ибрагим» ет өңдеу комбинаты» ЖШС табылады.



# Шұжық өнімдерін өткізу

## бағасы

Атаулары	Жоба орындаушы	«Жаик-Ет» ЖШС	Өзге өндірушілер
Пісірілген–қақталған шұжықтар	490-620	500-670	510-690
Жартылай қақталған шұжықтар	490 - 570	500-575	500-590
Пісірілген шұжықтар	390-400	380-410	380-400
Сосиски және сардельки	360-380	360-390	360-400

Жоғарыдағы кестеден көріп отырғанымыздай, Қарағанды облысындағы шұжық өндірушілердің өнімнің өзіндік құнында айырмашылық шамалы, осыған байланысты өнімнің өзіндік құны шұжық өнімдерінің сортына байланысты болады.

Жобаны табысты жүзеге асыру үшін бәсекелік артықшылыққа өнім сапасын жақсарту есебінен қол жеткізіледі. Себебі жобаны жүзеге асырудағы негізгі мақсат өнім өндірісін арттыру ғана емес, оның шығындарын төмендету және өнім сапасын жақсарту болып табылады.

Жобаны жүзеге асырудағы негізгі бағыт өндірілетін өнімнің сапасын жақсарту және өндіріс шығындарын төмендету, сондай-ақ тұтынушылардың көп санын тартуға мүмкіндік беретін өнім ассортиментін көбейту. Осымен қатар өнімге қойылатын баға нарықтық конъюнктуарға, сондай-ақ бәсекелестердің бағасына байланысты болады.

Өнімді тұтынушылар болып негізінен орташа табыс табатын тұрғындар табылады. Алдағы уақытта жоғыр табыс табатын тұрғындар санының өсуіне байланысты олардың шұжық өнімдеріне деген сұранысын қанағаттандыру мақсатында өндіріс көлемі біртіндеп өседі.

# Өндірістік жоспар

«Қиланбек» шаруа қожалығының іске асырғалы отырған ет өңдеу кешені бір ауысымда мал сою бойынша өндірістік қуаттылығы келесілерді құрайды:

1. Мүйізді ірі қара – 30 бас;
2. Қой – 70 бас;
3. Жылқы – 10 бас.

Бір ауысымда ет өндіру:

1. Сиыр еті – 3,0 тонна;
2. Қой еті – 2,0 тонна;
3. Жылқы еті – 2,0 тонна.

Дайын ет өнімін сақтау үшін серіктестікте 500 тонналық мұздату қоймасы жұмыс істейтін болады.

Етті сақтау жағдайы және мұздату камераларының жұмыс істеу режимі автоматтандырылады. Ет өңдеу кешінің аумағы асфалтталады және көгалдандырылады.

Өндірістік және көмекші орынжайлардың орналасуы және санитарлық жағдайы:

қабылдау (төшкелерді тазалау);

өндірістік цех;

шикізатты мұздату камерасы;

шикізатты сақтау және етті салқындату орыны;

алдын ала термикалық өңдеуге арналған орынжай (пісіру, қуыру);

бос шикізат қоймасы;

шұжық сақталатын орын жай;

дайын өнімді сақтауға арналған мұздату қоймасы.

Өндіріске қажетті негізгі шикізат ретінде шаруашылықта өсірілетін мүйізді ірі қараның еті, қой еті және жылқы пайдаланылады. Ол мақсатта шаруа қожалығы алынатын несиенің бір бөлігіне Қостанай облысынан етті бағыттағы әулиекөл тұқымының 1 – 1,5 жастағы 100 бас қашары мен 20 бас бұқасын, облыс аумағындағы шаруашылықтардан 460 бас асыл тұқымды етті бағыттағы қазақтың ақбас сиырларын сатып алып, көбейтіп өсіруді көздеп отыр. Сондай-ақ кәсіпорынның үзіліссіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін облыстың Казталовка, Жаңақала, Жәнібек, Бөкейорда аудандарында ет сатып алу бойынша дайындау пунктері ашылады. Етті жеткізушілер болып жергілікті ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері және тұрғындар табылады.

Бұл жоба Бөкей орда ауданы аумағында іске асырылатындықтан шикізат мәселесі қиындық тудырмайды деп айтуға болады. Себебі бұл аудан және көршілес жатқан Жаңақала ауданы республика бойынша мал басы жөнінен алдыңғы қатарлы орындағы аудандар қатарына кіретіндіктен, өндіріс орынын шикізатпен қамтамасыз ету үшін толық мүмкіндігі бар.

Шикізат ретінде жергілікті ауыл шаруашылығы тауар өндірушілердің өнімін пайдалану жергілікті шаруа (фермерлік) қожалықтарына өндірісті одан әрі дамыту үшін өзінің өнімін өткізудің жаңа және тұрақты каналы болып табылады.

Бұл жобаны жүзеге асыру кезінде келесідей шұжық түрлерін өндіру жоспарланған:

пісірілген – қақталған шұжықтар;

жартылай қақталған шұжықтар;

пісірілген шұжықтар;

сосиски және сардельки.

## Қаржылық бөлім

### Негізгі өнім өндірісінің шығындары (мың теңге)

№	Шығын түрлері	2013	2014	2015	2016	2017
1	Мал азығы	16720	20770	23815	28500	30000
2	Ветеринарлық қызмет	800	1220	1280	1300	1320
3	Сатып алынған шикізаттар мен жартылай фабрикаттар	138600	174860	190400	213248	238838
4	Тұқымдар мен тыңайтқыштар	1500	1750	1800	1800	1800
5	Жанармай және коммуналдық шығындар	4630	7750	8820	10850	10850
6	Еңбек ақы	18720	28520	36448	40240	40240
7	Амортизациялық шығындар	24000	23200	23200	23200	23200

№	Өнім түрлері	2013	2014	2015	2016	2017
1	Мал шаруашылығы бойынша түсім	28560	59235	127680	140448	154493
	<b>Өнімді сатудан түскен жалпы түсім (мың теңге)</b>					
2	Жылыжай бойынша түсім	9300	10860	12150	13365	14702
3	Өңделген өнімдер бойынша түсім	198000	238200	257500	278100	300348
4	Мал сою қызметін көрсету бойынша түсім	2200	2800	3000	3300	3630
	Барлығы	238060	322695	400330	435213	473173

# Негізгі өндірістің рентабельділік деңгейі

Көрсеткіштер	2013	2014	2015	2016	2017
Негізгі іс-қызметтен түскен пайда (мың теңге)	26990	67285	96567	93375	104025
Негізгі өндірістің рентабельділік деңгейі	12,8	25,3	31,7	27,3	28,2



## Несие шарттарын орындау мүмкіндігі жөніндегі мәліметтер

Жалпы жобаны іске асыруға қажетті несие көлемі 225 млн теңгені құрайды. Несие 10 жыл мерзімге жылдық 6 %-бен алынады. Жоғарыда көрсетілген жобаны іске асыру кезінде алынатын пайда бұл жобаның 5 жыл көлемінде өзін - өзі толық ақтайтындығын көрсетеді.